

Shamyeeva U.G., Zhumagaliev A.A., Zhanabekova G.K.

THE NUTRITIONAL VALUE EGGS NUTRITION FACTS OF BLACK AFRICAN OSTRICH

Annotation

The article presents the results of the study data pre-slaughter inspection veterinary inspection and veterinary-sanitary examination of carcasses ostrich and chemical composition, energy value and meat quality.

Keywords: egg black African ostrich, mineral feed supplement, protein, moisture, energetic value, fat, chemical composition, vitamins, minerals.

ӘОЖ 619:616.981.42 (574)

Шытырбаева З.А., Барамова Ш.А., Аманжол Р.

Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАЛ БРУЦЕЛЛЕЗІ БОЙЫНША ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада, Батыс - Қазақстан облысында ірі және ұсақ мүйізді малдардың бруцеллез ауруы бойынша статистикалық деректердің талдау нәтижелері, жалпы республика және аудан көлемінде келтірілген. 2015 жылы жануарлардың барлық түрлерінде, алдыңғы жылдармен салыстырғанда аурудың сәл төмендегені көрсетілген. Адамның бруцеллезі мен жануарлардың ауруға шалдығуы арасында өз ара қарым-қатынасы бар екені байқалды. Шаруашылықтарда ІҚМ мен ҰҚМ арасында бруцеллез инфекциясы айналымда жүргенде, адамдар жиі ауырады.

Кілт сөздер: бруцеллез, мониторинг, эпизоотиялық жағдай, серологиялық зерттеулер.

Кіріспе

Қазақстан аймақтарының мал шаруашылығында инфекцияның кең көлемде таралуы, ауру ошақтарының қайталанып отыруы, эпидемия және эпизоотияға қарсы іс-шаралардың толық жетілмеуі - өзекті мәселенің бірі.

Республикалық СЭС мәліметеріне сәйкес Қазақстан халқының денсаулығына қатер төндіретін, басым зоонозды жұқпалы ауру - бруцеллез болып саналады.

Қазақстан Республикасында, эпидемия мен эпизоотияға, санитариялық-гигиеналық, алдыналуға қарсы жүргізіліп жатқан іс-шараларға қарамастан, бруцеллез ауруы адамдар арасында және жануарлардың арасында да, жоғары деңгейде болып отыр [1,2,3]. Бруцеллез ауруының болуының негізгі шарты эпизоотиялық үрдіс, өз кезегінде эпидемиялық жағдайды анықтайтын болады. Қазақстан Республикасы және Орталық Азия аймағының басқа мемлекеттерінде бруцеллез эпизоотиялық ошақтарының тұрақты болуы, алдыналу іс-шаралар деңгейінің төмен болуы, сау мал мен адамдар арасында бруцеллезді қайталап жұқтыруна нақты жағдай жасайды.

Бруцеллез диагностикасы өте күрделі тапсырмалардың бірі – оған себеп ауру белгілерінің айқын және әр түрлігі, жүйелілігі мен ауру ошақтарының көптігі, аралас инфекцияның дамуы, ішкі орта әсерінен ауру белгілерінің өзгеріске ұшырауы, күнделікті серологиялық реакциялардың жиі теріс нәтижелер беруі, бруцеллез антигеніне және

басқаларға әсерлендірудің (сенсбилизация) дамуы болып табылады.

Бруцеллез инфекциясына қарсы күрес мәселелерінің басты бірден-бір шешімі аурудың пайда болу себептерін және таралуын жоюға бағытталған іс-шараларды дамыту болып табылады. Осыған байланысты, бруцеллезге қарсы шараларды жүргізу жүйесінің маңызды бағыты, ауруды болжау және ауданның ауылдық округтерге дейін, облыстарда, ауқымды аймақтарда ауруға бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін, жануарлардың бруцеллезне эпизоотиялық жағдайына мониторинг жүргізу болып табылады, ол ветеринарияның салауатты қолданыстағы мәселелердің толық шешіміне ықпал ететін болады.

Материалдар мен әдістер


Батыс-Қазақстан облысының (БҚО) аудандарында жануарлардың бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдайға мониторинг жүргізу, онда ауыл шаруашылығы жануарларының барлық дерлік түрлерінің саны жеткілікті жоғары болды. Мысалы, аталған облыста Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрлігінің, келісілген Комитеттің ресми статистикалық деректері бойынша 1.06.2016 жылы ІҚМ 573,4 мың. бас.; ҰҚМ 1600,8 мың. бас.; шошқа 28,9 мың.; түйе 3,1 мың. және жылқы 150,9 мың. бар екені және серологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша аурушандығы белгілі болды.

Осы алынған мәліметтерге статистикалық зерттеулер мен эпизоотологиялық талдаулар жасалды.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша соңғы жылда, бруцеллез бойынша ІҚМ эпизоотиялық жағдай облыста тұрақсыз екенін көрсетті. 2009, 2010 және 2011 жылдары БҚО бруцеллез ауруымен ауратын мал басының күрт өсуі байқалған, барлық серологиялық зерттеулердің көмегімен ауру жануарлар анықталды - 32780, 23906 және 23702, сәйкесінше. ІҚМ арасында соңғы үш жыл ішінде бруцеллезбен ауратын малдардың санының күрт өсуіне байланысты, осы жылдары республикада малдарды серологиялық зерттеу тек қана ИФТ көмегімен жүргізілді.

Кейінгі жылдары, ИФТ-мен тексеруді тоқтатқаннан кейін, нұсқаулық құжатқа сәйкес, жануарларды бруцеллезге жалпы жоспарланған, «ескі» диагностикалық сынақтар негізінде РБС, КБР және АР қолдану арқылы зерттеу жүргізілуде. БҚО 2012 жылдан бастап 2015 жылға дейін ІҚМ және ҰҚМ бруцеллезін жалпы серологиялық зерттеу нәтижелері 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – БҚО серологиялық зерттеулер көмегімен анықталған бруцеллезбен ауыратын ІҚМ және ҰҚМ санының динамикасы (%).


1-суреттегі мәліметтерде көрсетілгендей, ІҚМ мал арасынан тұтас облыста бруцеллезге оң нәтиже берген 2013 жылды 2012 жылмен салыстырғанда 0,3% өсті, ал 2014 жылды 2013 жылмен салыстырғанда 0,09% өсті салыстырмалы мөлшермен. 2015 жылы ІҚМ бруцеллезінің аурушандығының облыс бойынша 2014 жылмен салыстырғанда көрсеткіштерінің 0,4% төмендеуі байқалды.

2013 жылы жануарлардың бруцеллез ауруы санының өсуіне байланысты, ҰҚМ және ІҚМ бруцеллез бойынша эпизоотиялық жағдайдың деңгейі жоғарлап кетті. ҰҚМ бруцеллез аурушандығының көрсеткіші 2012 жылы 0,2% құрады, 2013 жылы 0,1% -ден-0,3% -ке дейін, келесі 2 жылда да бірдей дерлік деңгейде болды.

2-суретте Батыс Қазақстан облысының аудандарының 2013 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі ІҚМ бруцеллезінің аурушандығының салыстырмалы көрсеткіштері көрсетілген. Бруцеллез бойынша, сәтсіз жағдай 2013 жылдан бастап 2015 жылдар аралығында ІҚМ арасында облыстың барлық аудандарында сақталған. Бөкейорда ауданында, ауру көрсеткіші бруцеллез малдың осы жылдары - 4,0; 2,89 және 1,83% құрады, сәйкесінше. Аталған жылдары бруцеллезге оң нәтиже берген жануарлардың саны бойынша анықталған Казталов және Ақжайық аудандары жетекші позицияны берік ұстады. Мысалы, бірінші ауданда оң нәтиже берген ірі қара малының пайызы 2013, 2014 және 2015 жылдары 2,5; 2,4 және 1,7% құрады, ал екінші жылы - 1,8; 2,3 және 1,8% сәйкесінше.

ІҚМ бруцеллезін жұқтырған малдың саны 2013 және 2014 жылдары Жәнібек ауданында жоғарлағаны байқалды, 2,8 және 2,73% ауру мал басы анықталды, сәйкесінше. 2015 жылы ірі қара малдың жұқтыру деңгейі 1,07%. дейін төмендеді.


Біздің пайымдауымызша, ІҚМ ішінде бруцеллез індетінің кең таралуының негізгі себептері, әртүрлі эпизоотиялық жағдайдағы жануарларды бірге шектеулі ауданда жайылымының ортақ болуы, сондай-ақ ортақ табиғи су қоймалары пайдаланғандықтан. Әсіресе бұл жағдай негізінен ІҚМ ішінде қазақтың ақбас тұқымын өсіретін жерлерде, облыстың шөл және шөлейт аудандарында байқалады.



Сурет 2 - Серологиялық зертеулер нәтижесі бойынша белгіленген, БҚО аудандарында бруцеллезбен ауырған ІҚМ салыстырмалы көрсеткіштері динамикасы, (%)

2-суретте келтірілгендей, бруцеллез бойынша жоғары дәрежедегі эпизоотиялық жағдайдың ушығуы ІҚМ арасында Жаңақала ауданында тіркелген, 2013 жылы 1,5% жануарлар ауырған. Бұл көрсеткіш 2014 жылы айтарлықтай өсті, 2,49% жетіп және 2015 жылы шамамен бірдей деңгейде 2,42% болды.

3-суретте Батыс Қазақстан облысының аудандарында 2013 жылдан бастап 2015 жылы аралығында бруцеллез ҰҚМ арасында салыстырмалы көрсеткіштері келтірілген.



Сурет 3 – Батыс Қазақстан аудандарында 2013-2015 жылдарындағы бруцеллезбен ауырған ҰҚМ салыстырмалы көрсеткіштері

3 суретте көрсетілгендей, бруцеллезбен ауратын ҰҚМ жеткілікті жоғары көрсеткіші Сырым, Бөрлі және Ақжайық аудандарында, сондай-ақ Орал қаласындағы байқалды. Күрделі эпизоотиялық жағдай қойдың бруцеллез ауруы бойынша Сырым ауданында дамыды, 2013 жылы жануарлардың 1,7%, құрады. Кейінгі жылдары, дегенмен аталған ауданда жануарлардың бруцеллез ауруына оң нәтиже бергені анықталып, санының азаюы байқалды, 0,15% дейін.


Ақжайық ауданында соңғы 3 жыл ішінде ҰҚМ бруцеллез бойынша сәтсіз жағдай тұрақты сақталуда, аурушандық көрсеткіші, 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда

0,35% дейін төмендегенмен, қайтадан 2015 жылы 0,75% дейін өсті, облыста ҰҚМ бруцеллезінің аурушандығы деңгейі бойынша екінші көрсеткішті көрсетті.

Ұқсас жағдайларда, ҰҚМ бруцеллез бойынша шиеленісуі өте жоғары дәрежесімен сипатталады, ол Орал қаласында байқалды (2014 ж.-1,71%; 2015 ж. -1,31%). Себебі қаланың шетіндегі жеке аулалар бар болғандықтан, сол аулада тұратын тұрғындар кейбір жағдайларда ҰҚМ және ІҚМ бірге ұстайды.

Сонымен, статистикалық деректерді талдағанда Батыс Қазақстанда 2015 жылы бруцеллез жұқтырған ІҚМ мен ҰҚМ санының төмендегенін көрсетті, алайда, бұл жануарлардың бруцеллез бойынша эпизоотиялық жағдайы жақсарды деп айтуға ерте.

Өздеріңіз білетіндей, сәтсіз эпизоотиялық жағдай бруцеллез бойынша жануарлар тікелей немесе жанама түрде елдегі эпидемиялық жағдайдың жай-күйіне әсер етеді. Біз, бруцеллезді эпидемиологиялық зерттеу мақсатында, 2013 жылға 2015 жылдан бастап БҚО ауратын адамдарының ресми мәліметтеріне талдау жасадық. Талдау нәтижелері 4 суретте көрсетілген.



Сурет 4 - 2013 жылдан бастап 2015 жылға дейін БҚО бруцеллезбен ауыратын адамдардың абсолютті санының динамикасы

4-суретте көрсетілгендей, 2015 жылдың деректерне сүйенсек бруцеллезбен ауырған 62 адам анықталды, оның ішінде 9 жағдай өткен жылы тіркелген. Сол себепті, атап өткен жөн, адамдардың бруцеллез жұқтырған жағдайлары ең көп саны Ақжайық ауданында тіркелген, 2013 жылы тұрғындардың арасында 11 адам тіркелген, - 2014 жылы - 20 және 2015 жылы 43 бруцеллез жағдайлары анықталған, сондай-ақ Сырым және Казталов аудандарда, алдыңғы 3 жылда 23 және 11 сәйкесінше адамдарда инфекция жағдайының тіркелгенін атап өту керек. Осы аталған аудандарда, жоспарланған жаппай зерттеулер нәтижесінде бруцеллезбен ауыратын ІҚМ және ҰМ ең көп саны анықталды.

Қорытынды

Батыс - Қазақстан облысында адам мен жануарлардың бруцеллезі бойынша аурушандығы жайында кейбір корреляциялық деректер бар - жануарлардың бруцеллезінің тұрақты сәтсіз жағдайы сақталған аудандарда адамдардың бруцеллез қоздырғышын жұқтырған пайызы жоғары екені байқалады. Адамдардың бруцеллезбен аурушандығы ҰҚМ арасында жоғарғы пайыз жұқтырған Сырым, Ақжайық, Бөрлі аудандарында тіркелгені байқалды.

Әдебиеттер

1. *Иванов Н.П.* Противозооотические мероприятия при бруцеллезе//Материалы Межд. науч.- пр. конф. «Научные и практические основы борьбы с бруцеллезом животных».- Алматы, 2014. - С.145-153.
2. *Султанов А.А., Алтысбаева А.Е.* Оздоровительные мероприятия при бруцеллезе животных Мат. межд. научно-практической конф. «От теории- к практике вопросы современной ветеринарии, биотехнологии и медицины» – Саратов, 2011 – С. 290-298.

3. *Абуталип А.А.* Эпизоотическая ситуация по бруцеллезу с/х животных в Республике Казахстан//Мат. межд. конф., посв. 80-летию Самарской НИВС Россельхозакадемии. - Самара, 2009. - С. 7-11.

Шытырбаева З.А., Барамова Ш.А., Аманжол Р.

ИЗУЧЕНИЕ ЭПИЗООТИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ ПО БРУЦЕЛЛЕЗУ ЖИВОТНЫХ В
ЗАПАДНО - КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье приведены результаты анализа статистических данных по заболеваемости крупного и мелкого рогатого скота бруцеллезом в Западно - Казахстанской области Казахстана, в целом по республике и в разрезе районов.

Ключевые слова: бруцеллез, мониторинг, эпизоотическая ситуация, серологические исследования.

Shytyrbaeva Z.A., Baramova Sh.A., Amanzhol R.

SEROLOGICAL MONITORING OF THE BRUCELLOSIS OF ANIMALS IN WEST - THE
KAZAKHSTAN AREA OF KAZAKHSTAN

Abstract

In article showed the results of the analysis of statistical data on incidence of brucellosis in cattle and sheep in West Kazakhstan area, Kazakhstan, in general on the republic and in a section of areas.

Keywords: brucellosis, monitoring, epizootic situation, serological researches.